

Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. – 464 б.

ISBN 978-601-217-672-8

«Тараз өлкесі: тау мен дала аңыздары» - ғылыми басылым. Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған. Онда 702 аңыз топтастырылған. Аңыз мәтіндерінің алдында ғылыми зерттеу, соңында әр аңызға ғылыми түсінік берілген.

Кітап – бірнеше ондаған жылдар бойы түрлі бағытта жүргізілген ізденіс жұмыстарының нәтижесі. Автордың ғылыми-зерттеу жұмыстарының арнасында бірнеше ғылым саласы тоғысты: әдебиеттану; фольклористика; шешендік өнер; тіл білімі; тарих; этнография; әдет заңы; дәстүрлі мәдениет т.б. Түрлі дәуірді қамтитын дерек көздерімен жұмыс жасау автордың басты зерттеуінің пәнаралық сипатымен байланысты болды.

Кітап туған жер, өскен елдің тарихы мен мәдениетін тануға талпынған талаптыларға, орта мектепте, жоғары оқу орындарында білім алушы жастарға, зерттеуші мамандарға, аңыздан ақиқат сарынын ұғуға талаптанған көпшілікке арналған.

